

Енді қысқаша екінші мәселе бойынша

1-слайд.

Бұл 2011 жылғы мұнай балансы.

Мұнай өндіру 80,1 млн.тонна.Импорт 7,1 млн. тонна. Отандық МӨЗ-ге өңдеуге 15 млн. тоннажеткізу, оның ішінде 13,7 млн.тонна негізгі үш МӨЗ-ге және шағын МӨЗ-ге. Экспорт 71 млн. тонна.

Көріп отырғандай ішкі тұтынудың жартысы мұнай импортының есебінен, бұлосындай жеткізулерденбелгілі бір тәуелділікке әкеліп соқтырады.

2-слайд.

Бізде негізгі 3 мұнай өңдеу зауыты бар: Атырау, Павлодар және Шымкентзауттары.

Ресей мұнайы Павлодар және ішінара Шымкент МӨЗ-ге жеткізіледі. Тарихи құрылған құбырлар инфрақұрлымы мен жеткізу логистикасы осындай.

Осы тәуелділіктен құтылуға және біздің мұнай өңдеу зауытарына отандық мұнайды жеткізуге болама?

Ішінара осындай мүмкіншілік қазақстан-қытай мұнай құбырын салған кезде пайда болды. Слайдта бұлар қара стрелкалармен көрсетілген. Темір жолмен жеткізуге болады. Слайдта жасыл

стрелкалар. Бірақ осындай қадамның барлық салдарын нақты бағалау керек.

- 1) Біріншіден, ПМХЗ бастапқыда батыс сiбiр мұнайына жобаланған, және отандық мұнайды пайдалануда технологиялық сипаттағы мәселелер орын алады. Тапшылықты ашық түсті мұнай өнімдерін шығару азаяды.
- 2) Отандық мұнайды құбырлар арқылы тасымалдау шығындары және темір жол арқылы жеткізу одан да жоғары болады.
- 3) Және ең бастысы республикалық бюджеттен әлеуетті шығыстары едәуір соманы құрайды.

Өздеріңіз білесіздер, ішкі нарыққа жеткізілімге қарағанда экспорттық жеткізілімге жоғары салық салынады. Егер біз экспортымызды 7 млн. тоннаға азайтып және ішкі нарыққа қайта бағыттасақ, онда біздің бюджет жылына 1,8 млрд. \$. кем алады.

Ресей Федерациясы 7 млн. тонна мұнайды Қазақстан Республикасына жеткізуден одан да көп жоғалтады, себебі оларда экспорттық баж салығы жоғары. Тиісінше келіссөздер барысында РФҚР-ге бажсыз мұнай жеткізуді дереу тоқтатуға көндіргісі келді. Нәтижесінде осындай жеткізілімдер 2014 жылға дейін сақталуына біз келістік, 2014 жылы Ресей мұнайын жеткізуге тоқтатылатын болады, ҚР алмасу операциялары (SWAP) негізінде жүзеге асырылатын болады. Біз Омбы-Павлодар құбыры бойынша мұнай аламыз, ал қазақстанның

мұнайын эквиваленттік көлемде РФ-ке Атырау-Самара құбыры арқылы жеткіземіз.

Ал, қазір біз РФ алмаспай, тек сатып алып отырған жағдайда, РФ жеткізілетін мұнай құнына әсер ете алмаймыз. Бірақ қайткенде де ол Brent бағасынан екі есе арзан. Ал бұл ҚР тұтынатын мұнайдың жартысы.

Бұл, сондай-ақ, мынаны білдіреді, бюджет елеулі шығынданбай біз ерікті мұнай өнімдерінде бағаны төмендете алмаймыз.

3-слайд

Бұл слайдта 2011 жылғы ашық түсті мұнай өнімдерінің балансы берілген.

Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша импорттың үлесі айтарлықтай. Жалпы жылына 30 %-ға дейін. Кейбір айларда 40 %-ға дейін жетеді. Ал кейбір аймақтарда 50 %-дан жоғары.

Бұған қоса, біздің МӨЗ-дер өздерінің қуаттары шегінде жұмыс атқарады. Импорттың едәуір үлесі кезінде, логика бойынша, РФ-тен еркін тәртіпте импортталатын мұнай өнімдерінің бағасы РФ-ке қарағанда, бізде қымбат болу керек.

4-слайд

Сонымен қатар, факті бойынша айтарым, мұнай өнімдерінің бағасы қазіргі уақытта ҚР-да жоғары емес, ал негізгі позициялар бойынша ресейлік бағадан төмен.

Бұл шекті бөлшек сауда бағасы белгіленетін ЖЖМ түрлері:

- А-80 бензині
- Аи-92/93 бензині
- жазғы ДО

Өздеріңіз көріп отырғандай баға айырмашылығы 20%-30%. Бұл, біз Аи-92 бойынша тұтыну көлемінен 30%-ды импорттап отырғандағы жағдай. Мұны субсидиялаусыз орындау мүмкін бе? Бұл акциз деңгейіндегі айырмашылық арқылы істеледі. Бізде олар Ресейге қарағанда айтарлықтай төмен екені белгілі.

5-слайд

Бұл шекті бөлшек сауда бағасы белгіленбейтін ашық түсті мұнай өнімдері бағасының динамикасы:

- Аи-95/96 бензині
- Аи-98 бензині
- қысқы ДО

Сонымен бірге, өткен жылдың күзіне дейін олардың деңгейі РФ-ға қарағанда төмен болды. Бұл олардың РФ-дан айтарлықтай импортына қарамастан. Кейінгі көтерілу РФ-дан импортталатын ашық түсті мұнай өнімдерінің барлық түрлерін жеткізудегі әкімшілік шектеуге байланысты болды. Оларда да нарықта өз қиындықтары болды. Осы жағдайларда МӨЗ-дің барлық қуатын барынша әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерін, оның ішінде Аи-92 бензинін, дизель отынын шығаруға жіберу жөнінде шешім қабылданған болатын. Ұсынысты қысқарту

шекті баға белгіленбеген бензин түрлеріне бағаның көтерілуіне әкеп соқты.

Алайда, объективтілік үшін ашық түсті мұнай өнімдерін жалпы тұтыну көлеміндегі Аи-95, Аи-98 және авиакеросиннің тұтыну үлесін белгілейік. Бұл 10%. Бұл жерде тек Аи-95 және Аи-98 өзі 3%-ға жуық.

Бұл жерде, ашық түсті мұнай өнімдерінің 90%-ына ҚР-да баға Ресейге қарағанда 20-30%-ға төмен болды және солай қала бермек. Бұл нағыз әлеуметтік мәні бар ұстанымдар.

Әзірге біз ішінара импорттауға мәжбүр болып отырған, авиакеросинді қоса алғанда, 10% ашық түсті мұнай өнімдеріне баға едәуір жоғары.

6-слайд

Осы жағдайда 2011 жылы қазақстандық МӨЗ-ден АШТӨ үшін 2011 жылы жеңілдік баға бойынша 800 мың тонна дизель отыны жеткізілген болатын, ол шекті және бөлшек сауда бағасынан тағы да 20 пайызға төмен болды.

Республиканың әлеуметтік-өндірістік объектілері үшін тоннасына ең төменгі нарықтық құны 60-70 мың теңге кезінде 36,0 мың теңге баға бойынша 305 мың тоннадан артық мазут жеткізілген болатын.

Бұл бағдарламалар да осы жылы жүзеге асырылатын болады.

Мен нақты сандарға баса назар аударып отырмын. Ағымдағы жылға және кейінгі кезеңдерге жоспарланған шараларды, мазмұнды сәттерді сұрақтарға жауап беру барысында айтып өтсем деймін.

Ықыластарыңызға рахмет!